

Үндістанның 67-Республика күнін тойлауына орай қабылдау
кезінде сөйлейтін сөзі, 28 қаңтар 2016 ж., Интерконтиненталь қонақ үйі,
Алматы қ.

Құрметті Рымтай Кәрібжанов мырза, Жоғары мәртебелілер, құрметті қонақтар, ханымдар мен мырзалар.

Барлықтарыңызды Алматы қаласында Үндістанның 67-Республика күнін тойлауымен шын жүректен құттықтаймын.

Бұл тарихи күні 1950 жылы Үндістанның Конституциясы өз күшіне енді. Үндістанның Конституциясы әлемдегі ең ұзақ конституциялардың бірі.

Ол елді бағыттау мен басқарудың толық қамтылған және үнемі дамып отыратын құрылыммен қамтамасыз етеді.

Биылғы жылы Республика күні аса маңызды, себебі Үндістан Бхарат Ратна (Үндістан қазынасы), доктор Б.Р. Амбедкардың, Үндістан Конституциясының басты авторы, 125 -туған күнін атап өтуде.

Конституция жаңа Үндістанның құрылымдық көрінісін құрып өзінің барлық азаматтарына әділдік, бостандық, теңдік пен бауырластықты қамтамасыз ету үшін Үндістанды егеменді, социалистік, зайырлы, демократиялық Республика ретінде жария етті. Біз бұл құндылықтардың барлығына мақтан етеміз және олар болашақта бізге бағыт көрсетуін жалғастырады.

Соңғы 66 жылда Үндістан өз халқының экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін үлкен жетістіктерге қол жеткізді және жаһандық тәртіп, қауіпсіздік және өркендеуге өз үлесін қосты.

Біздің экономикалық дамуымыз тұрақты, бүгін Үндістан экономикалық өлшемде сатып алу қабілеттілігінің тепе-теңдігі бойынша үшінші орынды және атаулы ЖІӨ бойынша жетінші орынды иеленеді, біздің валютамыз тұрақты, біз ауылшарушылығынан бастап ғарыштық және ақпараттық технологиялар сияқты ғылымның әртүрлі салаларында қарқынды дамудамыз.

Соңғы жыл көптеген себептер бойынша Үндістан үшін есте қаларлық жыл болды. Премьер-Министр Модидың Үндістанды жаһандық өндірістік хаб ретінде дамытатын «Үндістанда жасаңыз» атты жаңа бастамасынан кейін мемлекет біршама «алғашқыларға» қол жеткізді.

Бірнеше мысал келтірейін: Қазіргі уақытта Үндістан әлемдегі ең тартымды инвестициялық бағыттардың ішінде бірінші орында; әлемдегі қарқынды өсіп жатқан экономиканың ішінде бірінші орында және 100 мемлекеттің ішінде даму, инновация және жетекшілік көрсеткіштері бойынша бірінші орында.

Үндістанның белгісі әлемдегі жетінші құнды белгілердің бірі болды. Дүниежүзілік Банкінің кәсіпкерлікті жүргізу жеңілдігі бойынша 12-орынға көтерілді және бәсекеге қабілеттілік рейтингі бойынша 16-орынды иеленді.

